

[/https://www.akorda.kz/en/events/astana_kazakhstan/participation_in_event_s/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state-1](https://www.akorda.kz/en/events/astana_kazakhstan/participation_in_event_s/address-by-the-president-of-the-republic-of-kazakhstan-leader-of-the-nation-nazarbayev-strategy-kazakhstan-2050-new-political-course-of-the-established-state-1)

УДК: 323.15

Қабдолла Д.Қ. – магістрант,
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Қазақстандағы корей диаспорасының өзіндік ерекшеліктері

Кең таралған деректерге сүйенсек, қазіргі таңда Қазақстанда 120-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұған тіпті Рим Папасы Иоанн Павел II де елімізге жасаған тарихи сапары кезінде үлкен мән беріп, Қазақстанды «әр түрлі ұлт пен дін өкілдерінің ерлері мен әйелдері арасындағы келісімнің үлгісі» деп сипаттаған болатын [1].

Осы көп ұлтты мемлекет Қазақстандағы корейлер ең көп этностардың ондығына кіреді. Ел аумағында корейлер алғаш рет 1937 жылғы депортация нәтижесінде қоныстанды деп саналады. Алайда Ұлы дала мен Корей түбегі арасындағы байланыс ежелден бар екені ғылымға белгілі. Мұны ежелгі археологиялық мәдениеттердің ұқсастығы, түркі және корей тілдерінің протоалтайлық жақындығы, Қазақстан мен Кореядағы шамандық наным-сенімдердің өзіндік ерекшелігі, сондай-ақ антропологиялық туыстық байланыстары дәлелдейді [2].

Қазақстандағы корей диаспорасы бүгінгі таңда Орталық Азиядағы этникалық корейлердің ең көп қоныстанған екінші тобы болып табылады. Жергілікті корей диаспорасында Орталық Азиядағы басқа корей этникалық диаспораларының барлық ортақ белгілері бар екені даусыз. Дегенмен, Қазақстандағы корей диаспораның Орталық Азияның басқа мемлекеттеріндегі диаспоралармен салыстырғанда артықшылығы болмаса, кейбір айырмашылықтары бар.

Бұл диаспора демографиялық және әлеуметтік ұтқырлық тұрғысынан ең озық, оның өкілдері Қазақстанның саяси және академиялық ортасында жақсы насихатталған. Қазақстандағы корей диаспорасы білімінің жоғары деңгейімен, талғампаз мәдениетімен және кең дүниетанымымен ерекшеленеді, өйткені Қиыр Шығыстан келген корей студенттерінің ең көп бөлігі Өзбекстан емес, дәл осы

Қазақстанға депортацияланған болатын. Осында корей театры, корей тіліндегі бүкілодақтық газеттің редакциясы, сондай-ақ корей тіліндегі радиохабарлар сияқты корей мәдениетінің негізгі элементтері сақталып дамыды.

Кенес Одағы ыдырағаннан кейін Қазақстандағы корей диаспорасының өкілдері шағын және орта бизнесте ғана емес, ірі бизнесте де берік позицияларды иеленді. Мысалы, 2015 жылғы статистика бойынша Қазақстандағы ең бай 50 адамның қатарына алты мультимиллионер корей кірген. Ұйымдастырушылық және басқару қабілетке ие Қазақстандағы білімді корейлер ұлтаралық және дінаралық қарым-қатынас тұрғысынан да елде өз орындарын ала білді. Тұрақты диаспора бүгінде басқалардың арасында ең ықпалды, орталықтандырылған және ең бастысы, Солтүстік және Оңтүстік Кореямен қарым-қатынастарын анықтауда тәуелсіз. Солтүстік Кореяны ядролық қарусыздандыруға дипломатиялық қатысу немесе түрлі салалардағы экономикалық ынтымақтастық болсын, екі елге де пайдасы тиетін көптеген ортақ мүмкіндіктер бар, тек соны тиімді түрде жүзеге асыра білу керек [3].

Қазірдің өзінде Қазақстан корейлерін ел дамуындағы жалпы жетістіктер контекстінен тыс қарастыру қиын. Өзіндік болмысы мен бейнесін қалыптастырып үлгерген «біздің» корейлер корей түбегінің мәдениетінен айтарлықтай айырмашылықтарға ие: олар корей, орталық азиялық және еуропалық мәдениеттердің элементтерін сіңірген өздерінің мәдени генофондын дамытты. Бірақ генетикалық бастауларға деген қызығушылық қазір рухани жаңғырудың жаңа кезеңіне өтуде.

Бұл ретте корей театрын, корей бұқаралық ақпарат құралдарын және өздерінің басқа да этникалық белгілерін сақтау мен дамытуда, жоғалған ана тілін үйренуде қазірдің өзінде қыруар жұмыс атқарған Қазақстан корейлер қауымдастығы маңызды рөл атқарады. Бұл, әрине, елімізде өмір сүретін барлық халықтардың өзіндік ерекшеліктерін еркін дамытуға жасалған жағдайдың есебінен мүмкін болды.

Мысалы, 1991 жылы Абай атындағы Алматы университетінде Қазақстанда бірінші болып филология факультетінде корей тілі пәнінің мұғалімдерін дайындайтын корей кафедрасы өз жұмысын бастады. 2000 жылы онда корей-қазақстандық ғылыми орталық ашылды, ол Қазақстандағы корейлердің проблемалары бойынша халықаралық конференциялар мен семинарлар өткізумен, олардың шетелдегі, оның ішінде тарихи отанындағы өмірін зерттеумен айналысады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филолог, өлкетанушы, аудармашылар даярлайтын корейтану кафедрасы ашылды.

Мемлекет тарапынан жасалған бұл оң қадамдардың барлығы және, әрине, корей халқының білімге деген құштарлығы сөзсіз кең ауқымдағы көрнекті тұлғалардың, атап айтқанда, биологтардың, дәрігерлердің, заңгерлердің, агрономдардың, экономистердің, спортшылардың, философтардың және саясаткерлердің шығуына әкелді. Диаспораның көптеген өкілдері тау-кен және өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және қаржы ұйымдарындағы негізгі кәсіпорындардың иелері атанды. Оған қоса бизнесте корейлер адалдық, саналылық және сенімділік үшін берік беделге ие [1].

Жоғарыда аталған Қазақстан корейлер қауымдастығына оралатын болсақ, бұл қауымдастық тек корей халқының этникалық мәдениетін сақтау мен насихаттау жолында ғана емес, сондай-ақ, Қазақстан мен Корея арасындағы диалогты жүргізуде де аса маңызды рөл атқарып келе жатқандығын атап өткен жөн.

1990 жылы Қазақстандағы Корей мәдени орталықтарының Республикалық қауымдастығы ретінде құрылған қауымдастықтың атауы кейін Қазақстан корейлерінің қауымдастығы деп өзгертілді. Бүгінде аталған қауымдастық Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі аясында жұмыс істейді және оның негізгі міндеті қазақстандық корейлердің мәдени мұрасын сақтау мен оларды Қазақстан халқының органикалық бөлігі ретінде дамыту болып табылады. Осы ретте төмендегі кесте негізінде қауымдастықтың соңғы жылдар ішінде іске асырған және белсенді қатысқан ең маңызды деген іс-шараларына қысқаша шолу жасап өтуге болады.

1-кесте.

Қазақстан корейлер қауымдастығының қызметі аясында ұйымдастырылып өткізілген және қауымдастық өкілдері белсене қатысқан соңғы жылдардағы негізі іс-шаралар.

№	Уақыт параметрлері	Іс-шара
1	2018 жылдың маусым айы	Мемлекеттік Республикалық академиялық корей музыкалық комедия театры Алматы қаласының орталығындағы Бөгенбай батыр көшесі, 158 мекенжайы бойынша орналасқан ғимаратқа көпті.
2	2019 жыл	Youtube желісінде ВЭКС («Видео-энциклопедия коре сарам»), яғни қазақ тілінде «Коре сарам бейне энциклопедиясы» деп аталатын арна ашылды. Жобаның авторы профессор Ким Г.Н.

3	2019 жылдың сәуір айы	Корея Республикасының бұрынғы Президенті Мун Чжэ Иннің Қазақстан Республикасына сапары. Сапар аясында Мун Чжэ Ин Алматыға қазақстандық корейлермен кездесу және корей театрын тамашалау үшін келді.
4	2019 жылдың маусым айы	«АКК – Networking» форумы. Қатысушылар – қауымдастықтың аймақтық ұйымдарының 100-ден астам кәсіби жетекшілері. «АКК – Networking» интернет-қауымдастығының қалыптаса бастауы.
5	2020 жылдың сәуір айы	Қазақстан корейлер қауымдастығының 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы бекітіліп іске қосылды.
6	2020 жылдың тамыз айы	Мерейтойлық датаға арналған «Қазақстан корейлер қауымдастығына – 30 жыл» («Ассоциация корейцев Казахстана – 30 лет») кітабының орыс және корей тілдерінде жарық көруі [4, 66-бет].
7	2021 жылдың тамыз айы	Қызылордада аты аңызға айналған генерал Хон Бом Доның сүйегі Корея Республикасының өкілдеріне тапсырылды.
8	2022 жыл	Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық байланыстардың 30 жылдығы аясында түрлі деңгейдегі көптеген іс-шаралар өткізілді.
9	2023 жылдың ақпан айы	«Коре ильбо» газетінің 100 жылдық мерейтойына орай Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында «Сэнбон – Ленин Кичи – Коре ильбо» газеті «корей халқы тарихының ажырамас бөлігі» атты дөңгелек үстел өтті.
10	2023 жылдың наурыз айы	Шымкент қаласында Қазақстан корейлер қауымдастығының кезектен тыс XVI съезі және бірқатар республикалық шаралар өтті.

Корей диаспорасының қазақ халқына деген алғысы шексіз. Жоғарыда атап өткендей, бірінші болып корейлер 1937 жылы Қиыр Шығыстан жаппай қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстанға 110 мыңға жуық адам қоныстандырылды. Олар бүгінде елімізде тату-тәтті өмір сүруде және адал еңбек етуде, оған қоса қиын-қыстау жылдарда оларды қабылдап, ажалдан аман алып қалған азаматтарға алғыстарын білдіруді ешқашан ұмытқан емес.

Соның ішінде профессор, Қазақстан корейлері қауымдастығының Ақтөбе филиалының төрағасы Константин Цхайдың келесідей

сөздерін ерекше бөліп көрсетуге болады: «Кәрістер Жапонияның әлеуетті тыңшысы ретінде қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың аман қалғаны таңқаларлық. Корейлердің қазақ халқына деген алғысы шексіз. Қоғамдық еңбек ері Ким Ман Сан өз естелігінде жазғандай, «қазақтың жандүниесі оның даласындай кең болып шықты». Қазақтардың корейлерге көрсеткен қонақжайлылығы өлшеусіз болды».

Сонымен қатар, профессор «Кәрістер жақсы жақтарын көрсетпейтін бірде-бір сала жоқ. Біз корей халқының Қазақстан алдындағы борышын өтеуге барынша тырысамыз», – деп өз сөзін түйіндеді [5].

Қорытындылай келе, еліміздегі корей диаспорасының негізгі деген белгілері мен айрықшылықтарына куә болдық. Оған қоса бұл ерекшеліктердің қатарына корей халқының еңбекқорлығы мен жан-жақты дамуға деген ұмтылысы міндетті түрде кіретінін кезекті рет айқындадық.

Қазақстан корейлер қауымдастығын қоса алғандағы басқа да маңызды ұйымдар еліміздегі корей диаспорасының тек өз этникалық маңыздылығын сақтап насихаттау мақсатында ғана емес, сондай-ақ, Оңтүстік Корея мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуде және елімізді көркейту жолында да ерінбей еңбек етіп жатқанын байқадық. Ең бастысы, оларға қиын уақытта көмек қолын созған қазақ халқына деген шынайы алғысын ұмытпағандықтары екі халықтың достығын берік ететүсті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Летьягина Е. Памятный год для корейской диаспоры/<https://otyrar.kz/2022/11/pamyatnyj-god-dlya-korejskoj-diaspory/>
2. Альмуқанова А. Роль казахстанских корейцев в установлении связей между странами/https://el.kz/rol_kazahstanskikh_koreytcsev_v_ustanovlenij_svyazey_mezhdu_stranami_23540/
3. Lee E. Diaspora in Kazakhstan/http://www.koreatimes.co.kr/www/opinion/2019/10/162_277759.html
4. Ассоциация корейцев Казахстана. 30 лет – Алматы: ServicePress. 2021. 236 с.
5. Ендибаева С. Благодарность корейской диаспоры казахскому народу безгранична – Константин Цхай/https://www.inform.kz/ru/blagodarnost-koreyskoj-diaspory-kazahskomu-narodu-bezgranichna-konstantin-chay_a3620314